

ӘОЖ 308

Бисембаева, Ж.К.

педагогика магистри, мектепке дейінгі және
бастауыш білім беру кафедрасының
ага оқытушысы

Ақымырза, А.

«6В01301 – БОП мен Ә» ББ 2 курс студенті,
Ә. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан

ӨШПЕСТЕЙ ІЗ ҚАЛДЫРДЫ МҰРАЛАРЫҢ

Түйін

Бұл мақалада Абай өмірінің откені мен бүгінгісі жаійінда сонымен қатар Абай есімімен байланысты тарихи орындар жөнінде әңгімеленеді. Сондай-ақ бұл мақалада ұлы Абай өмірі мен шыгармашылығына қатысы бар тың деректермен де таныса аласыздар. Бұл мақала поэзия дүлдүлі Абай Құнанбаевтың туганына 175 жылдық мереке қарсаңында шыгарылып отыр. Мақаладан Абайдың ұрпақтары мен ақындық айналасының естелік әңгімелерімен таныса аласыздар.

Кітт сөздер: рухани еңбек, тағылымды тарих, поэзия дүлділі, асыл қазына, өшпес мұра.

«Жастықтың оты жалындал, Жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындал, Әр қыныңға салған шақ», – деп жастар жайлы толғанған ұлы Абайдың ұлағатты сөзімен бастадым. Санамызда жанғырған Абай өлеңдері қашанда халқын, елдің ертеңі үшін елеңдейтін жастарын оятуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шакырады. Оның қара өлеңдері еліміздің болмысы мен бітімін, тұрмысын, діні мен тілін суреттеп жазған ұлы ақынның бұл еңбегі өшпес іздей мұра болып қалды [1].

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик ақын, композитор, аудармашы, философ, ағартушы, қоғам қайраткері – Абай (Ибраһим) 1845 жылы 29 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Сырт-Қасқабұлақ деген жерде Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаевтың жанғасында дүниеге келді. Әжесі Зере, анасы Ұлжанның бесік жырын тындаған Абайға бала кезінен әжесі мен анасы айтқан аныздар, ертегілер, жырлар мен қиссалар жас баланың қиялышына қанат бітірді. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы 19 ғасырдағы қазақ арасынан шыққан әйгілі қайраткер, ел билеуші болған. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқиды [2].

Абай өлеңді 10-12 жасынан бастап шығара бастаған. Туған халқын сүйіп, оны бодандық қасіретінен құтқаруды мақсат еткен Абай, ең алдымен елдің береке-бірлігін жақтады. Елі де Абайын сүйіп, қатты құрметтеді. Оның өлеңдерін жатқа айтып, тұмардай сақтады. Шынында да, әр сөзі теніздің тереніне тартқандай зор мағыналы, адамға берер шабыты мен шапағаты мол Абай әр қазақтың жүргегінен орын алды, қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті. Абай өлеңдері жан-жақты, әлеуметтік аясы кен. Халықты өнерге, білімге, ғылымға шақырды. Махаббат жырлары жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді.

Абай – қазақ поэзиясының тіл кестесіне, сөз саптауға жаңа сипат дарытқан ақын. Себебі оның шығармаларындағы адамның жан тебіренісін, көніл толғанысын, жүрек лұпілін көрсететін сипаттамаларында, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздерінде жаңа, өзі шығарған үлгі-өрнектері мол [1].

Абай – өз дәуірінде қатал сыншы болған ақын. Саяси сипаттағы сатиralық өлеңдерінде ол болыс билердің жиіркенішті қылықтарын ғана суреттеп қоймай, есте қаларлық образдар жасады.

Абай, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Сондай-ақ орыс тілінен Абай аударған шығармалар қазақ әдебиетін байыта түсті. Абайдың қара сөздері жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды [3].

Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін Абай, ел ішіндегі әр алуан әкімшілік-құқықтық реформаларға белсene араласқан. Егде тартқан шағында әкімқара биліктен, атқа мінерліктен іргесін аулақ салып, шығармашылықпен ғана шұғылданған Абайдың қара сөздерін түгел дерлік оқып шықтым. Шындығымен үйлескен бұл керемет мол мұраның бізге жеткені қатты куантады. Қазіргі заманың көкірегі көр соқыр (бәріне топырақ шашпаймын) адамдары осы бір керемет қазынамыздың қадіріне жетіп, түсініп оқыса тілі да-мып, қазактың кейбір ұғымдарын менгеріп алар еді?

Шындында, қазіргі заманда кітап оқытындар некен саяқ. Саны көп сапасы аз кейбір технологиялардың кесірінен кітап оқымақ түгілі атын ұмытып жүрген жандардың талайын көріп, іштей қынжылып жүрміз. Абайдың қара сөзінде айтылған әрбір сөз шындық. Себебі, көзімен көріп, құлағымен естігенде анық қылып тайға таңба басқандай жазып кеткен қара сөздерін тек кейбір мерекелерде ғана ашып қарайтынымыз сөзсіз.

Абайдың ойы сан-сакқа жүгірген болатын. Ойланып-толғанып көп ұзамай-ақ қағазын жайып, қаламын қолына алушы үйірған. Абай еш кідірместен ойын жинақтап, ақ қағазға жа-за бастаған екен. Абайдың алғашқы қара сөзінен бастап-ақ өзінің карттығымен қүрескендігі көрініп тұр. Бір орында отырғанды қаламайтын Абай ешқашан бос отырмаған. Осы бір керемет білімге деген құштарлығының дәлелі – Абайдың бізге жеткен өлең-жырлары мен осынау керемет қара сөзінің әрқайсысы біз үшін мол қазына. Еліміздің басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы шықты.

«Абай Құнанбайұлы ғұлама, ақын, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде қазақ тарихының беттерінде айқын сақталып тұр. Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп, мемлекет басшымыз мақаласының басынан-ақ Абайдың атын биікке көтерді [4].

Абайдың қай қара сөзін оқып қарасан да, адамды білім алуға шақырады. Надандық, жалқаулықты жек көретін Абайдың ғылымға ізденісі осы сөздерде анық айтылған. Қазактардың мінез-құлқын біраз сынап алған Абай, макалдарды да қатты сынады. Абай үшін ең ма-нызыдысы ар-ұят, адамгершілік. Адамның адам болып қалыптасуына Абайдың қара сөздерінің тікелей қатысы бар деп есептеймін. Адамды кейін тартып, енбегін еш кетіретін жалқау мінезден қашық болуын үнемі қайталап қара сөзінде жазды. Қазіргі кезде осынау бір Абайдың қара сөзін оқыған кез-келген адамзаттың білімге құштарлығы артаратын анық.

Абай тұнғыш рет қазақ поэзиясын терең философиялық қуатты оймен суарды. Дешті қыпшақ даласына жаңа поэзия қамалын соғып, ой мен суреткерлік толысқан кенен бұлақтың, тұнық көзін алғаш ашқан Абай Құнанбайұлы. Абайдың есімі тек ел арасында ғана емес, әлемге жеткен танымал тұлға. Абайдың аударған қаншама аудармалары да елеулі енбегінің жемісі. Абай тек қазақтың ғана емес, араб, парсы, орыс ақындарының мындаған жолдарын жатқа айтып отыратын болған. Осындай ізденісінің арқасында Абайдың кеменгер, қаламгер, поэзияның саңлағы сынды аттарға лайық болып саналатыны нақты айтылады.

Ұлы тұлғамыз Абай туралы не жазсақ та бәріне лайық. Поэзияның жарық жүлдізізының бірі жарқыраган Абай шуағымен, жыр-шумағымен бізге нұрын төкті. Ақынның арманы да осы шығар. Ұрпағына қалдырыған қазынасына ешбір тенге, ешбір алтын жетпес. Себебі ақша жаратылады. Алтын ұрланады. Ал Абайдың өлеңдері болса, ол тек адамның санасына сапалы білім, ғылымға деген ізденісті арттырады. Осындай ел есінде мәңгігে қалған Абайдың жолын бізге берсін. Бізде азда болса кішігірім елге пайдамыз тиіп, осы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын оқып, уақытша емес, әрқашан қайталап жүрсек нұр үстіне нұр болары анық. Абайдың көрген қыншылығы болса да, сол қыншылыққа қасқайып қарсы тұрып, еш мойымай өз шығармашылығын жалғастыра білді. Осындай атамыздың арқасында өткендеғі тарихтың, қазақ елінің басындағы оқиғаның болғанын оқып, миымызға тоқып отырамыз [5].

Абай – ұлы тұлға. Фасырда бір туатын дара тұлға.

Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап қана қайырымдылық пен жамандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнағып танып білуге үйретеді. Халықаралық Абай клубының «AMANAT» журналы жанынан шығып жатқан 200 томдық кітап Қазақстанның тәуелсіздігінің 10 жылдық торқалы тойына сыйға тартты. Болашақ ұрпаққа, біздерге аманат қылып кітап қалдырыды. Ендеше, осындай іші толған даналық, керемет мағынасы бар Абайдың қара сөздерін оқып, ойымызға түйіп, сонымен қатар, өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз.

«Абай – халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық идеологиямыз, оның өлмес мұрасын алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ғұмырлық парызымыз. Абайдың туғанына 175 жыл уақыт өтсе де, оның еңбектері халық жадында сайрап, оған нұрлы өмірге жол көрсетіп тұр. Абай есімі мәнгі ұмытылмайды. Абай сепкен ұрық, өскен дәндер бір ғасырдан аса уақыт бойы өсіп-өніп, ұлттық әдебиетімізді, мәдениетімізді, бүкіл рухани өмірімізді көркейтуде. Абайдың тамаша ақындық дәстүрлері қазір жаңа мазмұнға ие болып, кейінгі толқын жазушылардың өнеге етіп, ілгері дамытуы арқылы толысып келеді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, әлем халықтары әдебиетінін, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдарының дүниеге келуі, тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен шығарманың бірі Абай Құнанбайұлының шығармалары» – деп, өз ойын топшылаған еліміздің алғашқы президентінің сөзімен аяқтаймын.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құнанбаев А. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... – Алматы, 2017. – Б. 102-105.
- 2 Бисембаев П.Қ. Абай. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2017.
- 3 Оразалин К. Абай ауылына саяхат. – Алматы, 1976. – Б. 82-89.
- 4 Мырзахметұлы М. Абайтану. – 2014. – Б. 1-65.
- 5 Абай кара сөздері жинағы. – 2015. – Б. 1-5.

Материал редакцияга тусты: 18.02.2020

БИСЕМБАЕВА, Ж.К., АКМЫРЗА, А.

В данной статье рассказывается о жизни Абая, об исторических местах, связанных с именем Абая. В этой статье также содержатся новые источники, касающиеся жизни и творчества великого Абая. Эта статья издана в преддверии празднования 175-летия со дня рождения Абая Кунанбаева. В статье также вы можете ознакомиться с памятными воспоминаниями о потомках и поэтическом окружении Абая.

Публикуемая статья помогает разносторонне распознать личность великого поэта, мудрость, человечность, справедливость, а также любящего родной казахский язык и демонстрируется любовь к родному народу. В данной статье рассматриваются философские и педагогические взгляды великого гуманиста Абая Кунанбаева на проблемы нравственного воспитания.

Ключевые слова: духовный труд, познавательная история, мастер поэзии, драгоценное сокровище, бесценное наследие.

BISEMBAYEVA, ZH.K., AKMYRZA, A.

This article tells about the life of Abay, about the historical places associated with the name of Abay. This article also contains new sources concerning the life and work of the great Abai. This article was published on the eve of the celebration of the 175th anniversary of the birth of Abay Kunanbayev. In the article you can also see the memorable memories of the descendants and the poetic environment of Abai.

The published article helps to recognize the personality of the great poet, wisdom, humanity, justice, as well as a lover of the native Kazakh language and demonstrates love for the native people. This article examines the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abay Kunanbayev on the problems of moral education. Special attention in the life of each person is paid to the universal fundamental problems of forming moral principles and moral values.

Key words: spiritual work, cognitive story, master of poetry, precious treasure, priceless heritage.